

## **Дизель отынын әкетуге уақытша тыйым салуды енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 26 наурыз N 350.

Ел экономикасының мұқтаждары үшін дизель отынының қажетті қорларын жасау мақсатында және "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 шілдедегі Z952368\_ Заңының 20-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасынан тұрмыстық пештік отыннан басқа, дизель

отынын (ТМД СЭҚ ТН коды 2710 00 610 - 2710 00 690) әкетуге 2002 жылғы 1 маусымға дейін тыйым салынсын.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті осы қаулының 1-тармағын орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

4. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.